

ЕЖЕЛГІ ТҮРКІ ДӘУІРІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МҰРА

Сарсембаев Ақниет Алпамысұлы aknietsarsenbaev@gmail.com «Тарихшы-зерттеуші, гуманитарлық пәндер оқытушысы» білім бағдарламасының 2 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы,
Ғылыми жетекшісі: магистр, аға оқытушы - Молдашева С.К

Аңдатпа. Ежелгі Түркі дәуірі – түркі халықтарының тарихындағы аса маңызды кезеңдердің бірі. Бұл дәуір VI-XII ғасырларды қамтып, түркі мемлекеттерінің қалыптасуы мен өркендеуін сипаттайды. Түркі қағанаты, Батыс және Шығыс Түркі қағанаттары, Қарлұқ, Қимақ, Қыпшақ мемлекеттері сол кезеңде тарихи сахнада ерекше орын алды. Түркілердің мәдени мұрасы – олардың жазба ескерткіштері, өнері, діни-нанымдық жүйесі және тұрмыстық дәстүрлерімен ерекшеленеді. Әсіресе, Орхон-Енисей жазба ескерткіштері мен көне түркі жазуы әлемдік мәдени мұраның ажырамас бөлігі саналады. Сондай-ақ, археологиялық қазбалар арқылы табылған сәулет ескерткіштері мен тұрмыстық заттар сол дәуірдің өркениет деңгейін айғақтайды. Бұл зерттеу ежелгі түркілердің мәдени мұрасына терең үңіліп, олардың бүгінгі түркі халықтарының рухани-мәдени өміріндегі рөлін айқындауға бағытталған. Тірек сөздер: Көктүрік, мәдени мұра, мәдениет, жауынгерлік рух, ата-баба культі, табиғатқа табыну, өркениет. 187 Ежелгі түркілер – бүгінгі түркі халықтарының арғы ата-бабалары болып табылатын тарихи этнос. Олар Орта Азия, Сібір, Алтай, Шығыс Еуропа және қазіргі Қазақстан аумағында көшпелі әрі жартылай отырықшы өмір сүріп, өз заманының алдыңғы қатарлы өркениеттерінің бірі ретінде тарихта қалды. Түркілердің қалыптасуы мен дамуы бірнеше мыңжылдықты қамтиды, олардың іздері біздің дәуірімізге дейінгі кезеңнен бастап анық байқалады. Түркілер тарихының маңыздылығы олардың әлемдік өркениетке қосқан үлесімен тікелей байланысты. VI ғасырда құрылған Түрік қағанаты алғашқы ірі түркі мемлекеті ретінде тарих сахнасына шықты. Бұл қағанаттың саяси және мәдени ықпалы орасан зор болды, себебі ол Ұлы Жібек жолының маңызды бөлігіне айналып, Қытай, Иран, Византия сияқты өркениеттермен тығыз байланыс орнатты. Түркілер тек жауынгер халық қана емес, сонымен қатар жоғары ұйымдасқан басқару жүйесі мен дамыған әлеуметтік құрылымға ие болды [1]. Түркі халықтарын бір-бірімен жақындастыратын алтын көпір салт санасы, мәдениеті мен өнері. Бір-бірінен алшақ жатқан географиялық аймақты мекендегеніне, этникалық өзгешелігіне қарамастан, түркі халықтарының тұрмыс тіршілігі мен болмыс бітімінде, салт дәстүрі мен шаруашылығында, өнері мен рухани мәдениетінде көптеген ортақ ұқсастықтар бар. Ежелгі түркілердің тарихы олардың тілінен, мәдениетінен, жазба ескерткіштерінен және сәулет өнерінен көрініс табады. Халықтардың тұтастығын айғақтап, оларды бір біріне жақындастыратын басты тетік – тіл. Түркітану ғылымында түрік тілдерінің өзара туыстығы, олардың топқа жіктелісі, бір-біріне алыс жақындығы жайында А.Вамбери, Ю.Немет, Г. Рамстедт, В.Радлов, С. Малов, К. Менгес, Н. Баскаков т.б. ғалымдар тұжырым жасаған. Атақты түрколог Н.А. Баскаков түркі ұлыстарының тілдік ұқсастық пен өзгешелігін байқататын басты тарихи кезеңді атайды: 1. Алтай дәуірі - ең көне замандағы түркі тіліне қатысты. 2. Ғұн дәуірінде (5 ғасырға дейінгі кезең) түрік тілі батыс ғұн және шығыс ғұн тілдеріне ажырайды. 3. Көне түрік дәуірінде (6-9 ғасырлар) түрік тілінің хазар, қыпшақ, оғыз, қарлұқ, ұйғыр, қырғыз диалектілері қалыптасқан. 4. Орта түрік дәуірі (9-15 ғасырлар) қазіргі түрік тілдерінің қалыптасу кезеңі. 5. Жаңа түрік дәуірінде (15-19 ғасырлар) қазіргі түрік тілдерінің бөлініп шығуы аяқталып, жазба әдеби тілдер қалыптаса бастады [2, 14 б.]. Н.А. Баскаковтың осы классификациясында айтылғандай, түп тегі бір тілдердің б.з. 1-2 ғасырларында ара жігі ажырай бастап, олар ғұн, шығыс ғұн тармақтарына бөлініп кеткені белгілі. Шығыс ғұн

тармағына аралық бұтақ жатса, батыс ғұн тармағына қалған тілдер кіреді. Батыс ғұн тобының қыпшақ бұтағына қазақ, татар, башқұрт, қырым татары, қарақалпақ, қарашай-балқар, ноғай, қарайым, қырымшақ тілдері, қарлұқ бұтағына өзбек, ұйғыр тілдері, оғыз бұтағына түрік, әзербайжан, гагауз тілдері жатады. Сібір түркілері мен қырғыз, сары ұйғыр тілдерін қамтитын шығыс ғұн тармағын автор аралық бұтаққа жатқызады. Аралық бұтаққа жататын түркі тілдерінің бірінде қыпшақтық сипат, бірінде оғыздық сипат, енді бірінде қарлұқтық сипат аңғарылады. Аралық бұтақтың тағы бір өзгешелігі – олар монғол тілінің әсеріне қатты ұшыраған. Тілі аралық бұтаққа жататын түркі халықтарының үшінші бір ерекшелігі – діндерінің әрқилылығы. Мәселен, қырғыздар мұсылмандар болса, саха (якут), хакас, шор, алтайлықтар христиан дінін тұтынады. Ал тувалықтардың біразы пұтқа табынады, қалғандары шаман дінін, ішінара будда дініне сенеді. Діндердің әрқилылығы аралық бұтаққа жататын ұлыстардың тіліне де әсер еткен [2]. Ежелгі түркілердің мәдени мұрасы өте бай және әртүрлі болып келеді. Олар тек өз заманында емес, сонымен қатар кейінгі ғасырлардағы түркі халықтарының дамуына үлкен ықпал еткен мәдени, тарихи және рухани құндылықтарды қалдырды. Осы мұралардың ішінде ең маңыздыларының бірі – Орхон-Енисей жазбалары. Бұл жазбалар ежелгі түркі тілінде жазылған және түркілердің тарихы, мәдениеті, саяси құрылымы, діни нанымдары туралы маңызды ақпарат береді. Орхон жазбалары Түрік қағанатының кезеңінде (6-8 ғасырлар) жазылған және олардың 188 ішіндегі ең танымалы – Күлтегін мен Білге қағанның ел үшін жасаған еңбектері, соғыс тактикасы, халықтың бірлігі мен патриоттық рухы сипатталады. Олардың мазмұнына қарап, түркілердің өзіндік тарихи сана-сезімі жоғары болғанын көруге болады. Бұл жазбалар тек тарихи дерек емес, сонымен қатар ежелгі түркі әдебиетінің де көрнекті үлгілері болып табылады. Түркілердің әскери және саяси құрылымы да ерекше назар аударуға тұрарлық. Түрік қағанаты екіге бөлінген басқару жүйесін ұстанды – Батыс және Шығыс қағанаттары. Бұл құрылым көшпелі халықтың өмір салтына сәйкес келіп, мемлекеттің кең аумақты басқаруына мүмкіндік берді. Әскери тәртіп қатал болды, ал қолбасшылар мен жауынгерлердің батылдығы тарих беттерінде мәңгілік қалды. Ежелгі түркілердің тұрмысы мен мәдениеті олардың экологиялық жағдайға бейімделу қабілетін айқын көрсетеді. Көшпелі өмір салтына қарамастан, олар тек мал шаруашылығымен ғана айналысып қоймай, жер өңдеуді де меңгерді. Бұл олардың экономикалық тұрғыдан тұрақтылығын қамтамасыз етті. Киіз үйлер, ою-өрнектер, ат әбзелдері, қару-жарақтар мен тұрмыстық бұйымдар түркілердің шеберлік деңгейінің жоғары екенін дәлелдейді. Түркілердің рухани әлемі де терең болды. Олар Тәңірге, ата-баба рухтарына сеніп, табиғатты құрметтеген. Бұл сенім жүйесі олардың күнделікті өмірінде, салт-дәстүрлерінде, әскери жорықтарында және билеушілердің басқару саясатында көрініс тапты. Тәңіршілдік түркілердің дүниетанымына ғана емес, олардың бірлік пен тұрақтылыққа деген ұмтылысына да әсер етті. Түркілердің мәдени мұрасына қолөнері де ерекше орын алады. Олар металл өңдеу, қару жарақ жасау, зергерлік бұйымдар жасау саласында өте шебер болды. Мысалы, ежелгі түркілер темірден, алтыннан, күмістен жасалған бұйымдарды өңдеуде жоғары шеберлікке қол жеткізді. Олардың қару-жарақтары (қылыштар, садақтар, найзалар) тек соғыс құралдары емес, сонымен қатар өнер туындылары ретінде де қарастырылды. Ежелгі түркілердің өнерінде зооморфты стилі деп аталатын өзіндік стиль басым болды. Бұл стильде аңдар мен құстардың бейнелері стилизацияланған түрде бейнеленді. Мысалы, бүркіт, арыстан, қасқыр сияқты жануарлардың бейнелері қару-жарақтарда, киім-кешектерде, тұрмыстық бұйымдарда кеңінен қолданылды. Бұл стиль тек көркемдік мақсаттарға емес, сонымен қатар діни және символикалық мағынаға да ие болды [3, 85 б.]. Сонымен қатар, ежелгі түркілердің тұрмыстық мәдениеті де өзгешеліктерге толы. Олардың киім-кешектері, тұрмыстық бұйымдары, әсіресе кілемдері мен төсеніштері өте

әдемі және өрнектерге бай болды. Олардың киімдері тек функционалдық мақсаттарға емес, сонымен қатар әлеуметтік мәртебе мен діни нанымдарды да көрсетті. Ежелгі түркілердің музыкалық мәдениеті де дамыған. Олардың музыкалық аспаптары (мысалы, домбыра, сыбызғы, дабыл) тек өз халқы арасында емес, сонымен қатар көрші халықтар арасында да кеңінен таралды. Музыка тек көңіл көтеру үшін емес, сонымен қатар діни рәсімдер мен әскери шерулерде де қолданылды. Ежелгі түркілердің мәдени мұрасы тек материалдық құндылықтармен шектелмейді. Олардың рухани мұралары, әсіресе діни нанымдары, мифологиясы, фольклоры да өте бай. Қорқыт жөніндегі аңыздар, Оғыз, Алпамыс, Күлтегін жөніндегі жыр- дастандар қазіргі туыс халықтардың бәріне ортақ мұра ретінде танылады. Түркі халықтардың ықылым заманнан жасаған сөз өнері мен тума әдеби қазынасында ұқсастық, ортақтық басым. Қазақтың күлдіргі тұрмыс-салт ертегісі қарақалпақ, татар, өзбек, түрікмен, саха, хакас халықтары фольклорында кездеседі. Қазақтың эпостық жыры «Қырымның қырық батыры» құрылымы жағынан қырғыздың «Манас» эпосына ұқсайды. Тілі, тұрмыс тіршілігі, жер жағдайы жақын болғандықтан, туыс халықтар ауыз әдебиетінің басқа жанрлары да өзара сарындас. «Айрылған ел азар, қосылған ел озар», «Ата баласы болма, ел баласы бол», «Ел қазынасы – ескі сөз, ер шырағы – екі көз» секілді мақал-мәтелдер үндес, сарындас болып 189 келеді. Шығыс ертегі аңызынан, қисса-хикаятынан тараған көшпелі сюжеттердің бірсыпырасы қазақ, өзбек, қырғыз, қарақалпақ, түрікмен фольклорына ортақ шығармалар. [4,12 б.] Ежелгі түркілердің діни нанымдары табиғатқа, аспан денелеріне және рухтарға сенуге негізделген. Олар дүниетанымында Тәңіршілдік пен шаманизм негізгі рөл атқарды. Тәңірді (Көк Тәңірі) жоғарғы күдіретті күш ретінде қабылдады. Биікте көк аспан, төменде қара жер, олардың арасында адамзатты әлемді жаратқан мәңгі Көк тәңірі, оның қызметшісі Күн, Тәңірі жаратқан әлемді басқарады. Өсімдіктің рухын Күнмен жарық сәуле байланыстырып тұрады», яғни Күнге табыну (соляризм) сенімі бар [5, 38 б.]. Түркі халықтарда ата-бабалар культі де маңызды болды, өйткені олар өздерінің өткеніне құрметпен қарап, ата-бабаларының рухын қасиетті деп санаған. Өлген адамның жаны оның ұрпақтарына ықпал етеді деп есептелген. Сондықтан жерлеу рәсімдері мен ескерткіш тастар (балбалдар) қойылып, құрбандықтар жасалған [6]. Жер-Су культі – түркілер тек аспанға ғана емес, табиғатқа да табынған. Олар өзендерді, тауларды, ормандарды қасиетті санап, оларға құрбандық шалған. Бұл наным түркілердің табиғатпен тығыз байланыста өмір сүргенін көрсетеді. Шаманизм – түркілердің діни өмірінде шамандар (бақсылар) маңызды рөл атқарды. Олар рухтармен байланыс орнатып, емшілікпен айналысты, болашақты болжады және діни рәсімдерді атқарды. Шаманизм түркілердің күнделікті өмірінде ерекше орын алып, олардың салт дәстүрлеріне әсер етті. Ежелгі түркі қоғамы қауымдық байланыстарға негізделген. Әлеуметтік құрылым ру тайпалық жүйеге сүйенді, әрбір адам белгілі бір рудың мүшесі болып, өз қауымының мүддесін қорғауға міндетті еді [7]. Қаған және билік жүйесі – мемлекетті қаған басқарды. Оның жанында бектер, қолбасшылар және ақсүйектер болды. Билеуші тек әскери басшы ғана емес, сонымен қатар елдің рухани көшбасшысы да болды. Әскер мен жауынгерлер – түркі қоғамында жауынгерлер ерекше мәртебеге ие болды. Әрбір ер адам әскери қызмет атқаруға міндетті болды. Әскер тек кәсіби жауынгерлерден ғана емес, сонымен қатар қарапайым халықтан да құралды. Қарапайым халық (бұқара) – малшылар, егіншілер, қолөнершілерден тұрды. Олардың негізгі міндеті – қоғамның экономикалық қажеттіліктерін қамтамасыз ету болды. Әйелдердің қоғамдағы рөлі – түркілердің әлеуметтік құрылымында әйелдер ерекше орын алды. Олар отбасының ғана емес, сонымен бірге мемлекеттің де маңызды бөлігі болды. Кейбір түркі мемлекеттерінде әйелдер билікке араласып, тіпті қағанның кеңесшісі немесе ел билеушісі бола алатын. Ежелгі түркілердің діни нанымдары мен әлеуметтік құрылымы олардың өмір салты мен дүниетанымының

ажырамас бөлігі болды [8]. Ежелгі түркілердің тарихы мен мәдениеті – бүгінгі түркі халықтарының рухани негізі. Олар тек өз заманында емес, сонымен қатар кейінгі ғасырлардағы әлемдік тарихқа да үлкен әсер етті. Ежелгі түркілердің мемлекеттік құрылымы, әскери шеберлігі, тілі, өнері және діни нанымдары бүгінгі күнге дейін сақталып, зерттелуде. Олардың мәдени мұралары – Орхон Енисей жазбалары, қолөнері, музыкасы, фольклоры және мифологиясы – тек түркі халықтары үшін емес, бүкіл адамзат үшін де маңызды құндылықтар болып табылады. Ежелгі түркілердің тарихын зерттеу арқылы біз олардың қалай күрделі мемлекеттер құрып, кең аумақтарды басқарғанын, қалай өз мәдениеттерін сақтап, дамытқанын түсіне аламыз. Олардың әскери шеберлігі, дипломатиялық қарым-қатынастары, тілдік және мәдени бірлігі бүгінгі заманға дейін үлгі болып қала береді. Сонымен қатар, ежелгі түркілердің діни нанымдары мен рухани құндылықтары – табиғатпен үндестік, ата-бабалар рухына құрмет, адамгершілік пен еркіндікке деген ұмтылыс – бүгінгі қоғам үшін де өзектілігін жойған жоқ. 190 191 Ежелгі түркі мәдениетінің ерекшеліктері – зооморфты стилі, қолөнері, музыкасы, эпостары – бүгінгі күнге дейін өз әсерін жоғалтқан жоқ. Олар тек тарихи деректер емес, сонымен қатар бүгінгі өмірге бағыт беретін рухани құндылықтар. Мысалы, ежелгі түркілердің табиғатпен үндестікке негізделген діни нанымдары қазіргі экологиялық мәселелерді шешуге көмектесе алады. Ал олардың әлеуметтік құрылымы мен билік жүйесі – қазіргі заманғы мемлекеттік басқарудың тиімді үлгілерін іздеуге ықпал етеді. Ежелгі түркілердің мұрасын зерттеу және сақтау – бұл тек өткенді есте сақтау емес, сонымен қатар болашаққа бағдар алу. Осы мұраны тереңірек түсіну арқылы біз өз тарихымыздың тереңдігін, мәдениетіміздің байлығын және рухани құндылықтарымыздың маңыздылығын көре аламыз. Бұл – біздің ұлттық бірегейлігімізді нығайтуға және бүкіл әлемдік мәдениетке өз үлесімізді қосуға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі: 1. Қаржаубай С. "Ежелгі түркі өркениеті" – Алматы: Ғылым, 2002. 2. Бизақов С. Түбі бір түркілер. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2000. – 14 б. 3. Қазақ өнерінің тарихы. I-том, – Алматы: «Өнер», - 2007. – 85 б. 4. Кенжебаев Б. Түрік қағанатынан бүгінге дейін. – Алматы: «Ана тілі», - 2004. – 12 б. 5. Жалбағаев Е. Қазақтың арғы атасы кім? – Алматы: «Білім», 2016. – 38 б. 6. Мұқанов М. "Түркі халықтарының мәдениеті мен тарихы" – Астана: Фолиант, 2010. 7. Бартольд В.В. "Түркі халықтарының тарихы" – Мәскеу: Восточная литература, 2003. 8. Өмірзақов С. "Орхон-Енисей жазбалары және түркі мұрасы" – Алматы: Рауан, 2015.